

4. Sedova N.N. Dosugovaia aktivnost molodjii /N.N.Sedova //Sosiologicheskie issledovania. – 2009. – № 12.
5. Tregubov B.A. Svobodnoe vremä molodeji: sušnöst, tipologia, upravlenie: sosiologicheskoe issledovanie / B.A. Tregubov, – SPb: İzd-vo S.-Peterburg. un-ta, 2011.
6. Grigoreva T. A. «Universitet tretego vozrasta» kak odna iz innovacionnyh form sosiälnoĝo obslujivania pojilyh lüdei v kompleksnom sentre sosiälnoĝo obslujivania naselenia / T.A. Grigoreva // Rabotnik sosiälnoi slujby. – 2016. – №1. – S. 30-33.
7. Şülga İ.İ. Pedagogicheskaia animasia v praktike sosiälnoĝo vospitania za rubejom // Şkölnye tehnologii. - 2008. - № 3. - S. 134 - 136.
8. Mädeni-demalys ıs-şaralaryn üiymdastyru. Oqu qüraly/ Bisembaev K.J., Nagornaia L.P., Panihin A.L., Aiapbergenova R.Ş. - Nür-Sülтан q.: «Käsıpqor» Holdiñi» komersialyq emes aksionerlik qoĝamy. 2019
9. Andreeva A. A. Osobnosti organizasii dosugovoi deiatelnosti podroستkov [Tekst] // Problemy i perspektivy razvitiia obrazovaniia: materialy VI mejdunar. nauch. konf. (g. Perm, aprel 2015 g.).-Perm: Merkuri, 2015. – S.1-3
10. Kültürno – dosugovaia deiatelnöst: uchebnik / pod red. A.D.Jarkova, V.M. Chijikova. – M., 2020.

МРНТИ 14.35.01
ӘОЖ 378.1

<https://doi.org/10.51889/9038.2022.71.47.015>

Кошанова М.Т.^{1*}, Оразбаева К.О.¹, Ташетов А.А.²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай қ., Қазақстан

МЕДИАТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЕРДЕ КРЕАТИВТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ

Аңдатпа

Мақалада біртұтас педагогикалық үдерісте кәсіби оқу әрекетінің объектісінің жүйелілігі негізінде медиатеchnологиялар арқылы креативтілікті қалыптастыруға логикалық ойлаудың әсері туралы мәселе қарастырылады. Қазіргі таңда орын алып отырған білім беру жүйесін тиімді оңтайландырғанда жоғары білімді мамандардың кәсіптік деңгейін креативтілікпен байланыста қарастыру мәселесі талданады.

Мақаланың негізгі мақсаты – ғылыми-теориялық зерттеулерге сүйене отырып, болашақ маманның медиатеchnологияларды пайдалана отырып креативтілікті қалыптастыруда логикалық ойлауды дамыту психологиялық және педагогикалық тұрғыда жетілдірудің қажеттігін анықтап, сипаттау.

Сонымен қатар, оқу-тәрбие стратегиялары мен тәсілдерінің педагог-психолог мамандықтарының логикалық ойлауын зерттеліп отырған мәселеге орай шешу туралы ой қозғалады: білімгерлердің меңгеру деңгейіне қажетті; тиімді мазмұн көлемін анықтайтын; қазіргі талапқа сәйкес өзекті педагогикалық әр түрлі аспектілер; талқылауға мүмкіндік беретін әдістеме.

Түйін сөздер: адам–табиғат, адам–техника, медиа, ойлау логикасы, логикалық ереже, қызметтің креативтілігі, ойлау формалары, медиатеchnология.

Кошанова М.Т.^{1*}, Оразбаева К.О.¹, Ташетов А.А.²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Гумилёва,
г. Нур-Султан, Казахстан

²Ташетов А.А. – Костанайский региональный университет
им. А.Байтұрсынова, г. Костанай. Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ КРЕАТИВНОСТИ У БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ ЧЕРЕЗ МЕДИАТЕХНОЛОГИИ

Аннотация

В статье рассматривается вопрос о влиянии логического мышления на формирование креативности посредством медиатехнологий на основе системности объекта профессиональной учебной деятельности в целостном педагогическом процессе. Анализируется вопрос эффективной оптимизации существующей системы образования профессионального уровня специалистов, которые имеют высокий уровень знаний в тандеме с креативностью.

Основная цель статьи – выявить и описать необходимость психологического и педагогического совершенствования логического мышления, используя медиатехнологии в формировании креативности будущего специалиста, опираясь на научно-теоретические исследования.

Кроме того, затрагиваются вопросы решения учебно-воспитательных стратегий и подходов к логическому мышлению педагого-психологических специальностей в зависимости от исследуемой проблемы: необходимого уровня усвоения учебной программы обучающимися; определяющего объем эффективного содержания обучения; актуальных педагогических аспектов в соответствии с современными требованиями; методики, позволяющей обсудить проблемные вопросы.

Ключевые слова: человек–природа, человек–техника, медиа, логическое мышление, логическое правило, креативная деятельность, формы мышления, медиатехнология.

Koshanova M.^{1}, Orazbayeva K.O.¹, Tashetov A.²*

*¹Eurasian National University named by L.N. Gumilev,
Nur-Sultan, Kazakhstan*

*²Kostanay regional University named after A.Baitursynov,
Kostanay, Kazakhstan*

FORMATION OF CREATIVITY IN FUTURE TEACHERS-PSYCHOLOGISTS THROUGH MEDIA TECHNOLOGIES

Abstract

The article considers the question of the influence of logical thinking on the formation of creativity through media technologies based on the systemic character of the object of professional educational activity in the holistic pedagogical process. The article analyzes the issue of effective optimization of the existing system of professional-level education of specialists who have a high level of knowledge in tandem with creativity.

The main purpose of the article is to identify and describe the need of psychological and pedagogical improvement of logical thinking using media technologies in the formation of future specialist's creativity based on the scientific and theoretical research.

In addition, the issues of solving educational strategies and approaches to logical thinking of pedagogical and psychological specialties are touched upon, depending on the problem under study: the necessary level of mastering curriculum by students; determining the amount of effective teaching content; relevant pedagogical aspects in accordance with modern requirements; methods that allow discussing problematic issues.

Key words: man- nature, man-technician, media, logical thinking, logical rule, creative activity, forms of thinking, media technology.

Кіріспе. Жаһандану ғасырындағы стратегиялық бағыттарға сәйкес білім беру жүйесін жетілдіріп, оны әлемдік білім кеңістігіне теңестендіру жеке тұлғаның қалыптасуына дәнекер болары сөзсіз. Сондықтан, қазіргі заман әр бір білімгердің өз іс-әрекетінде қажетті өзгерістерді әр түрлі тәжірибелер туралы мағлұматтарды, жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі қажет. Осы ретте, жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие жүйесі, субъектілер арасындағы қарым-қатынас, жалпы оқытуды ұйымдастыруды талапқа сай елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр. Бұл, «жаңа ғылыми көзқарас жаңа идеялар, модельдер, жүйелер мен жобалар арқылы қалыптасады» [1, 7-б.]. Сондықтан, жоғары оқу орындарындағы білім беру үдерісін қайта құрылымдау нәтижесінде жұмыс беруші әлеуметтік әріптестердің білім беру және технопарктік кешендерін қолдана отырып іске асырылады, бұл мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес оның тәжірибеге бағдарланған құзіретті сипатын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы орайда, Бартлетт Стив, Бертон Диананың «Білім берудегі зерттеулер» атты еңбегіндегі «білім берудің басты ерекшелігі – білім беру [2, 17-б.] – деген зерделеуден біз, ақпараттандырудың мәселелері мен перспективаларының болашақ маманның кәсіптік бәсекелестікке төтеп бер алатын өз мамандығына ыңғайлы, қабілетті, ерекше тұлғалық қасиеттерге түрткі болатындығын

болжаймыз. Жоғарыда айтылғандардан ұғатынымыз, қазіргі таңда әлемдік білім кеңістігіне кіргендіктен, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін, нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну негізгі мақсат. Осы мақсаттарды оқу-таным үдерісінде жүзеге асыру әдістерінің алуан түрлілігі емес, оны ұтымды шебер қолдану арқылы медиабілімді ұштастыру аналитикалық, эстетикалық талдау жасай білу, сөйлеу білу сияқты қасиеттерін дамытады [3]. Сондықтан, студенттердің нарықтық қатынас жағдайында қоғамдық, ғылыми-техникалық прогресстің талаптарына сәйкес нәтижеге қол жеткізе отырып еңбек ету қабілетін анықтайтын, кәсіби, әлеуметтік-психологиялық, креативтілік, тұлғалық субъектілік қасиеттерінің деңгейімен анықталады. Осы тұрғыда қарастырғанды, зерттеп отырған мәселеге орай «адам – табиғат», «адам – техника» жүйелеріне сәйкес педагогикалық процестің қызметін ұйымдастырудың түрлерін меңгеруді қажет етеді. Себебі, жоғары оқу орындары мен мектеп мұғалімдерінің педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың технологиясын меңгеру – кәсіби іс-әрекет объектісі туралы теорияны меңгеруден бастап, нақтылы жағдайда осы нысананы объективті құрастыру әдістемесін қалыптастыру қозғалысымен тығыз байланысты [4, 7-б.]. Мақсат, оқу-таным үдерісіндегі инновациялық педагогикалық технологиялардың жедел дамуы мен қарама-қайшылықтардың студенттердің медиатеchnологиялар арқылы креативтілігін қалыптастыру мәселесін оңтайландыру.

Зерттеу материалдары және әдістер. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде негізгі мәселелер: «Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады» және «Тек әрекеттесу арқылы үйренуге/үйретуге болады. Білім беру философиясы мен когнитивтік (танымдық) психология адамның өз қолымен жасағанын есте сақтайтындығын, практикалық әрекеттер (бірінші кезекте бірлескен ұжымдық әрекеттер) арқылы үйренетіндігін, оған өзі жасағаны қызық екендігін дәлелдейді [5, 4-б.]. Олардың ішінде, соңғы жылдары ақпараттық қоғам туралы пікір алмасу теориялық талдау (анықтамаларды құрастыру, ақпараттық қоғамның ерекше белгілерін, оның дамуының гипотетикалық зардаптарына, жетістіктері мен кемшіліктеріне баға беру қарастырылады) аймағынан ақпараттық қоғамның даму тактикасы мен стратегиясы, оған сәйкес ақпараттық экономика, ұлттық және халықаралық саясатты қалыптастыруды талқылау мәселесі [6, 15-б.]. Бұл мәселелерді шешуде, әр түлі оқу пәндерінде қолданылып жүрген оқытудың интербелсенді тәсілдері мен әдістерінің маңызы зор екендігі белгілі. Жаңа технологиялардың қарқынды дамуы әрі күнделікті өмірде белсенді қолдануы әсерінен адамзат байланысына өзгерістер енгізуде. Демек, білім саласында сан алуан ақпараттар масс-медиа арқылы жаңа білім парадигмасының медиаресурстар арқылы қарқынды дамығандығын дәлелдейді. Жалпы алғанда, медианы екі кезеңге бөліп қарастырамыз. Бірінші, Media 1.0 моделі (ретро) – медиа көпшілік аудиторияға «жалқыдан-жалпыға» моделі арқылы байланыс жасау (баспасөз, кино және телевизияны қосқанда) кезеңі. Екінші, Media 2.0 моделі – медиатұтынушы контентінің көбеюі мен кең таралуы, «жалпыдан-жалпыға» байланыс жүйесіне көшу кезеңі, яғни кез-келген адам өз ақпаратын, сурет, аудио мен видеосын медиа желіде таратуға немесе алуға мүмкіндік алған уақыт [7, 17-б.]. Бұлар оқыту үдерісін неғұрлым оңтайлы ұйымдастырады, оның құрылымын жақсартады. Біздің қарастыруымызда оқу үдерісіне бағдарланушылық студенттің белсенділігінен байқалады.

Байланыстың тұрақтылығы студентте қандай да бір құбылыстардың компоненттері немесе қандай да бір қасиеттері, әсердің елеулі себебі болып табылады [8]. Нәтижесінде, логикалық ойлау креативтілік қабілеттің туындауына негіз болады.

Осы орайда білім беруде инновациялық технологиялармен қатар жасалып жатқан бағдарламалардың маңызы зор. Бұл бағдарламалар білімгерлердің өз бетінше оқып, үйреніп, нәтижесінде өз пікірін еркін жеткізе алатын, дамыған, ынталы, білімге құштарлы, мақсат қоя білетін тұлғаның қалыптасқанын күтеді [9, 5-б.]. Сондықтан жоғары педагогикалық білім беруді реформалау, педагогикалық-психологиялық мамандардың көп деңгейлік дайындығына көшу, еңбек нарығында мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету жағдайларында болашақ «Педагог-Психолог» мамандарын кәсіби іс-әрекетке дайындау мәселесінің өзектілігі зор. Педагогикалық үдерістің нақтылы ортадағы тиімділігі ондағы білімгерлердің белсенділігімен саналы қатынасы, қалайша және олардың педагогикалық үдерістегі қандай іс-әрекеттері жүзеге асыратындығына байланысты [4, 57-б.]. Бұл жерде қарастырып отырған тақырыпқа байланысты логикалық ойлаудың креативтілікті қалыптастыруда медиатеchnологиялардың оңтайлылығы. Технология саласындағы жетістіктер медиа мен аудитория арасындағы диалогтық байланысты жеделдетті. Twitter өз тұтынушыларына 140 символды қолдану арқылы мәтіндік жазбалар жариялауға және оларды әрдайым жаңартып отыруға мүмкіндік берді. Facebook, тағы басқа да әлеуметтік желілер осы секілді мүмкіндікті ұсынып отыр. Егер адамның өз орнын табу, жүзеге асырылуы мүддесі қанағаттандырылмаса, онда адам жүйесі қызмет етуге тиісті өндіріс күйрейді. Демек, педагогикалық еңбектің технологиясын меңгеру проблемасы басқада кәсіби іс-әрекет аймақтарындағыдай өзекті мәселе [4, 27-б.]. Кәсіби білім беру

жүйесіндегі барлық оңды өзгерістер оқытушының психологиялық ерекшеліктеріне, ойлау тәсіліне, шығармашылық белсенділігіне, өзіне және басқаларға деген ізгі қатынасына, тұлғалық, педагогикалық құндылықтарына байланысты [10, 143-б.]. Дегенмен, медиатехнологияларды пайдалана отырып студенттердің креативтілігін қалыптастыру мәселесі бойынша шешілмеген сұрақтар кездеседі.

Оқыту үдерісінің анықтау кезіндегі басты қиындық ол ЖОО-ның білім беру қызметін атқара отырып, материалдық емес «өнім» дайындайды деуге болады, өйткені оның дайындығын «өнім» өзінің өмірлік циклы кезінде ең белсенді рөл атқарады. Осылайша, білім алушылар тек сыртқы шикізат ретінде емес, ең әуелі білім беру үдерісінде өңделген өнім, яғни соңғы нәтиже ретінде қарастырылуы тиіс [11, 54-б.]. Демек, кәсіби ойлауды арнаулы білімдермен қорытылған, ортақтандырылған объектінің, үдерістің, педагогикалық немесе өндірістік жағдайлардың бейнеленуі деп қарастыруға болады. Осы арқылы болашақ маман өз оқуын жоспарлауға белсенді түрде қатыса алатын жаңа көзқарасты таным мен қызметті байланыстыруға бағытталған ойлау логикасын құрастырады. Сөйтіп, медиатехнологиялар арқылы бірлескен іс-әрекет арқылы мағыналар мен мәндердің қайта өзгеру үдерісінде креативтіліктің қалыптасуына жағдай жасайды. Қазіргі таңда кез-келген кәсіби қызметтің креативтілігіне баса назар аударылғанда «адамға – адамшылық», «машинаға – машиналық» принципі жүзеге асырылады. Осы ретте, қоғамды дамытудың қозғаушы күші материалдық өнім емес, ақпараттық өндіріс болып саналады. Яғни, болашақ маманның медиатехнологияларды пайдалану арқылы креативтілікті қалыптастыру арқылы логикалық ойлау ерекшеліктерін кеңейту маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан, жоғары оқу орындарында ғылымдар жүйесін оқып үйрену – студенттердің ойлау, ес т.б. жоғары психикалық үдерістердің дамуының мейлінше биік дәрежеге (сатыға) көтеріліп, креативтілік (*Автор: зерттеу тақырыбына байланысты шығармашылықтың жоғары жетістігі креативтілік деп алынды*) іс – әрекетке айналуын талап етеді [12, 17-б.]. Біріншіден, жекелеген фактілерді немесе дүниедегі құбылыстарды қабылдай отырып, болашақ маман оларды логикалық тұрғыда өңдеп, олардың әрқайсысының мәнісі мен өзара байланысын таниды. Екіншіден, маман өзінің практикалық әрекетінде байқалған белгілі бір тәуелділіктерге қолдау көрсетіп немесе оны жоққа шығарып өзін-өзі анықтап отырады. Дәл және жүйелі дәйекті ойлап, пайымдау, сөйлеу үдерісінде логикалық қайшылыққа жол бермеу, жіберілген логикалық қателіктерді тез байқай білу. Көп жағдайда ойлау, пайымдау үдерісінде логикалық қателер адамның өз ойын дұрыс немесе бұрыс құрылғанын қадағалай алмайтындығынан болады, өйткені ол логикалық заңдарды, ережелерді білмейді. Ал логикалық ережелерді білу ойлауда, пікірлеуде орын алған қайсыбір қателерді оңай байқауға көмектеседі [13, 20-б.]. Демек, оқу-таным үдерісінде қолданылған әдістер мен тәсілдер студенттерге қаншалықты әсерлі не әсерсіздігін зерттеуге тиімді болып келеді.

Біздің зерттеулеріміздің нәтижесі көрсеткендей «Педагог – Психолог» мамандықтары студенттерімен медиатехнологияларды пайдалана отырып креативтілікті қалыптастыруда логикалық ойлау жұмыстарын жүргізу үшін төменде берілген жағдайларды ескеру қажеттігін анықтадық. *Біріншіден*, болашақ мамандарды кәсіби бойынша практикалық іс-әрекетке араластырып креативтіліктерін қалыптастыруда медиатехнологияларды пайдалану арқылы сыртқы көріністерімен, ішкі мәнімен таныстырып қана қоймай, олардың логикалық ойлауының тиімділігін арттырып, сапасын жақсарту. Сондықтан оқыту үдерісінің алғашқы кезінен бастап білімгерлерді келешек мамандығына қызықтыратын тұстарын, оған икемделу жолдарын таңдау үшін оның тиімділігін алдын-ала болжау. Демек, студенттің мамандығына икемділігін ғана емес, оның болашақ кәсіби қызметінің объективті маңызы мен субъективті мазмұнын ұғынуы, өзін-өзі бағалауы, саналы түрде сезінуі, ішкі «жасауды қалаймын», «жасай аламын», «жасау міндетті» деген ойлардың санасында саралануы керек. *Екіншіден*, оқу үдерісін мақсатты түрде ұйымдастырып, оны дербес іс-әрекетке икемдеп, мамандығына машықталған дағдысын қалыптастыру міндетіне негіздей отырып барлық оқытудың әрекетін білімгердің өзін-өзі ұйымдастыра алу деңгейін арттыратын белсенді білім беру мен тәрбиелеу формаларымен қамтамасыздандыру. *Үшіншіден*, оқу-тәрбие үдерісінде білімгерлердің мамандығына икемделген логикалық ойлауын қалыптастыруға қолайлы жағдай туғызатындай олардың медиатехнологияларды пайдаланудың дәрежесі мен деңгейін, таңдаған мамандықтарының болашақтағы маңызын ескеріп, әрқайсысымен жеке-дара қарым-қатынас орната білу қажет. Осы үшінші жағдай бойынша «Педагог-психолог» мамандықтары студенттерімен медиатехнологияларды пайдалана отырып креативтілікті қалыптастыруда логикалық ойлау жұмыстарын жүргізу жөнінде зерттеулер толық қарастырылмаған.

Нәтижелері. Зерттеу нәтижелерінің теориямен байланысы жүйелі түрде іске асады. Біздің қарастырып отырған тақырыбымызға байланысты зерттеушілер мен практик-мамандардың жинақталған деректеріне сүйене отырып және медиатехнологияларды пайдаланып креативтілікті қалыптастыруда логикалық ойлаудың қажеттілігі қазіргі таңдағы болашақ маманның кәсіби бағдар беру бағдарламасының

талаптарына байланысты пайда болды. Себебі, зерттеулер теорияның дамуына негіз болумен қатар, білім беру үшін маңызды рөл атқарады. Осыған орай, «логика» ғылымы зерттейтін ойлау формалары және оның нәтижесінде пікір, ой тұжырымын шығару заңдары ежелгі грек ойшылдарының еңбектерінде біздің жыл санауымыздан бұрынғы VI – ғасырда пайда болғандығын тілге тиек ете отырып, Аристотель үшін логика ақиқатты ұғыну, дәлелдеу туралы, оны тиянақтау, негіздеудің әдістері жайлы ғылым [14, 3-б.]. Демек, логика адамның ойлау процесін зерттейді. Ойлау, оқу әрекетінің негізінде қалыптасады. Оқу әрекетінің мазмұнына мыналар кіреді: ғылыми заңдарды түсіну; практикалық міндеттерді шешуге бағытталған ойлаудың жалпы амал-тәсілдерін меңгеру. Осыған орай, білімгерлердің ғылыми білімді, дағдыларды меңгеруі олардың оқу әрекетінің негізгі мақсаты мен нәтижесі болса, оқу әрекетінің негізгі құрылымына: оқу міндеттері (немесе тапсырмалары); оқу тәсілдері (білімгердің қолданатын нақтылы практикалық және ой тәсіл-амалдары); бақылау (білімгерлердің өзін-өзі қадағалап, тексеріп отыруы); бағалау (оқытушы мен білімгердің өзіне-өзі берген бағасы). Осы ретте, білімгердің ойлау логикасы қоғамдық даму негізіндегі ғылыми білімдердің даму заңдылықтарына бағытталады [12]. Осыған орай, белсенділік пен өз бетінше жұмыс істей білу түрлерінің П.И. Пидкасистый, Т.И. Шамова, А.Д. Савченко жасаған, бұрыннан бар классификацияларға сүйене отырып, біз зерттеу тақырыбымызға байланысты білімгерлердің логикалық ойлауын медиатеологияларды пайдалана отырып креативтілікті қалыптастыруда кәсіби белсенділіктері мен өз бетінше жұмыс жасай алу деңгейлерін анықтадық. *Біріншіден*, репродуктивтік, демек, білімгерлердің алған білімдерін үлгіге қарап қолдануға тырысуымен сипатталады, өз беттерінше жұмыс орындау барысында өздерін-өздері мәжбүрлейді. Білімгерлер, практикалық және өздік жұмыстарын орындау кезінде енжарлық танытады, жалпылама түрдегі тапсырмаларды орындай алмайды, тек материалдық деректі мазмұнына қатысты сұрақтар ғана қоя алады. Болашақ кәсібіне арналған конференциялар қатысқанмен, зерттеліп отырған мәселенің мазмұнымен ғана шектеледі. Пікірталаста оқшауланып, сайыстарға қатыспайды және кәсіби бағдарлауға байланысты ұйымдастырылған іс-шараларға белсенділік көрсетпейді. *Екіншіден*, қайтадан жасау түрі демек, реконструктивті, бұл деңгей білімгерлердің кәсіпке икемділігімен анықталады. Демек, «Педагог-психолог» мамандығына деген қызығушылығымен ерекшеленеді. Яғни, мамандығына байланысты берілген тапсырмаларға креативтілік таныта отырып, өздері оны орындағы нұсқаулық берулері ықтимал. Ұжыммен жұмыс жасау кезінде асқан белсенділік танытқанмен топтан ерекшеленбейді. Заттар мен құбылыстардың сырын дәлелдеуге байланысты сұрақтар қойғанмен, ой қорытындысының зерделенуі қызықтырмайды. *Үшіншіден*, эвристикалық яғни ішінара іздену, бұл деңгей бойынша білімгерлер «Педагог-Психолог» мамандығына байланысты жалпы принциптер мен ұғымдарды оқыту функцияларымен зерделей алғандықтан, болашақта олар мамандыққа байланысты жоспар мен перспективаға байланысты қызметте көпшіліктің сұранысында болады. Бұл деңгейдегі білімгерлердің бойында жігер мен алға қойған мақсатына жету деген табандылық тән. Сонымен қатар, берілген сұрақтарына байланысты алған ауқымды жауаптар оларға қызығушылық танытады. Білімгерлер конференцияларға ғана қатысып қоймай, пікірталастар мен сайыстарға да белсенділікпен етене араласа отырып, басқа да кәсіби бағдарлау іс-шараларға қызу араласады. *Төртіншіден*, бұл деңгейдегі білімгерлер жаңаны білуге құштар оны қазіргі таңның жаңашылдығына орай креативтілікпен қарап, заттар мен құбылыстардың өзара байланысын зерделей отырып, меңгерген білімін жаңа ортаға сай қолданып, мәселенің шешімін дербес анықтауға белсенділік әрекетімен ерекшеленеді. Бұл, «Педагог-Психолог» мамандығы білімгерінің логикалық ойлауын медиатеологияларды пайдалана отырып креативтілікті қалыптастыруға тәрбиелеу мақсатын жүзеге асыруға негіз болады. Өйткені, білімгердің бойындағы жігері мен ұйымдастырушылық қабілеті оның әрі қарай оңтайлануында басты рөл атқарады. К.Бұзаубақова: «Білім беру саласында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын практикада меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Ал, жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де тағы басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, білімгер тұлғасын дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі» - деген [15, 144-148-б.]. Нәтижесінде, креативті-педагогикалық өркенитке қадам жасалады.

Жоғарыда қарастырылған мәселелерді ескере отырып, біз, білімгерлердің медиатеологияларды пайдалана отырып креативтілікті қалыптастыруда логикалық ойлауды дамытуға жәрдемдесуге негіз болатын тиімді жолдарының бірін ұсынууды жөн көрдік. Мысалы, білімгерге оның қызығушылығына байланысты тапсырмаға мынадай нұсқаулық беріледі. I. - Сізден суреттер, бейнелердің көмегі арқылы жаңа идеялар ойлап табу үшін қиялдау мен креативтілікті талап етеді. Ойлап тапқан идеяларыңыз қызықты және ерекше болуына тырысыңыз. Сізден басқа ешкім ойлап таппайтындай болуына зер салыңыз. Қандайда бір ойлап тапқан идеяңызды әңгіме-сурет ретінде қызықты болатындай толықтырып,

жалғастырыңыз. - Microsoft Word бағдарламасын немесе Paint графикалық редакторын пайдалана отырып қалауыңызша түрлі-түсті бір фигураны алыңыз. - Кезкелген суретті ойлап табыңыз онда, таңдаған фигураның сол бейненің бір бөлігі болатындай болсын. - Сіз кезкелген оқиғаны немесе толық мәтінді бейнелеңіз. - Таңдаған фигураның қасына өзіңіз ойлаған бейнелерді салыңыз. Олар фигураның ішінде немесе сыртында болуы мүмкін (қалауыңыз бойынша). - Ойдан шығарған идеяларыңыз қызықты және ерекше болуына тырысыңыз. - Суретті әр түрлі детальдармен толықтыра отырып олардан қызықты және еліктіретін оқиғалар туындауына мән беріңіз. - Суретіңізді салып бітіргеннен кейін, оған тақырып қойып, оны суреттің астына жазып қойыңыз. Қойған тақырыбыңыз қызықты және ерекше болып салған суретіңіздің мазмұнын түсінуге мүмкіндік беретіндей болуын қадағалаңыз. - Сіз аяқталмаған фигураларды әрі қарай жалғастырып, қызықты оқиға немесе сурет шығуына мән беріңіз. Әр суретке қызықты тақырып қойып, оны суреттің астына жазып қойыңыз.

II. Жағдаят – сынақ: 1. «Жоғалған мүмкіндіктер».

Ол балалық шақтан суретші болуды армандады, бірақ ата-анасы оның техникалық жоғары оқу орнына оқуға түсуді қалады. Қазір ол егде жастағы беделді инженер-механик, отбасылық өміріне риза, бірақ кескіндеме туындыларын көрген сайын жүрегі ауырады. Тапсырма: Бұл адамды қалыптаспаған, өзін-өзі жетілдірмеген деп есептеуге бола ма? Сіз оған қандай кеңес берер едіңіз? Әлеуметтік ұстанымдар: Сіз төменде берілген қай ұстанымды қолдайсыз: «ештен, кеш жақсы; «басынан бастау керек»; «оқу ешқашан кеш болмайды»; «жақындары үшін жауапкершілік», «балалары арқылы өзін-өзі жетілдіру»; «тағдырға бағыну». 2. Әдеби-имитациялық шығармашылық тапсырмалар: - сценарийге өтінішті жұптасып немесе топтасып дайындаңыз; - сценарий әзірлеңізу (жұптасып немесе топтасып). 3. Автобиографиялық (тұлғалық) талдау (яғни, Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық Роберт Хиллиардтың «Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу» еңбегінің кез-келген тарауынан (Ақпарат дереккөзі: elibrary.kaznu.kz/kk/node/1468) медиамәтіндегі кейіпкердің өмірін есте сақтай отырып, өз өміріндегі тәжірибелермен сәйкестендіру және салыстыру арқылы жазбаша талдау жасаңыз. Оқыңыз: М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы. Тыңдаңыз: Елімізді әлемге танытып жүрген әншілеріміздің бірі – Димаш Құдайбергеновтың әндері. Қараңыз: Фильм «Звездочки на земле» (2007 ж.).

III. Студенттердің логикалық ойлауын аудиовизуалды медиа материалы бойынша эвристикалық ойын әдістері мен техникалық құралдарды қолдана отырып, кретивтілік дағдыларын игеруге икемдейтін болжамды тапсырмаларды беруге болады. 1. Медиа-мәтіндердің (өзіңіздің қалауыңыз бойынша) эпизодтарының мазмұнын анықтау, эпиграф жазу. 2. Автордың ойлау логикасын талдау: қақтығыстарды, кейіпкерлерді, идеяларды дамытуда кеңістік-уақыт және аудиовизуалды серияларды монтаждау және т.б. 3. «Режиссерлік сценарий» деп таңдаған медиа-мәтіннің сценарийіне эпизод әзірлеңіз. 4. Рөлдік ойындар «ТВ жаңалықтары», «Репортаж» және т.б. топпен құрастырыңыз. 5. Болашақта практика барысында қолданылатын 3-5 минуттық экрандағы әрекетке арналған және қолдануға болатын мини-сценарий бейнежазбаларын дайындаңыз. Тыңдаңыз: Kitap.kz – онлайн платформа: Аудио: «Дұрыс сөйлесейік». Қараңыз: Топ-10 Қазақстанның үздік режиссерлерінің ішінен біреуін таңдаңыз. Таңдаған режиссеріңіз туралы толық мағлұматты ақпарат құралдарынан алыңыз. Сараптама жазыңыз.

IV. Қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы логикалық ойлауды дамыту арқылы телекоммуникацияны пайдалана отырып креативтілік ойлауды қалыптастыруға икемдейтін тапсырмалар: мамандардың рецензиялары, мақалаларын, оқулықтарын салыстыру және талқылау; медиамәдениеттің проблемасына арналған рефераттар дайындау; медиамәдениетті ұжыммен ауызша талқылау; медиамәдениетті жазбаша рецензиялау. Тыңдаңыз: Интернет желісінен «Қашықтықтан оқыту технологиясы» туралы ақпарат. Қараңыз: Режиссер-дебютант Райымбек Әлжановтың «Мерген» атты қысқаметражды фильм.

V. «Әйдос» қашықтықтан білім беру орталығы және Еуропалық Корреспонденттік Оқыту Мектебі (ЕКОМ немесе ЕШКО) негізінде студенттердің логикалық ойларын дамыта отырып креативтілік дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды орындаңыз: - белгілі бір медиамәтінді қабылдаудың жақсы немесе нашар негізгі белгілеріне сипаттама жасаңыз; - объективті (көру кезіндегі жағдай және т.б.) және субъективті (көңіл-күй, жеке психофизиологиялық мәліметтер және т.б.) аудиовизуалды медиа мәтінді қабылдауыңыз бойынша инфограмма; - медиамәтін кейіпкерінің атынан, оның сипаттамаларының ерекшеліктерін, лексикасын және т.б. сақтай отырып әңгіме құрастырыңыз (сәйкестендіру, өз басынан кешіру); - медиамәтіннің кейіпкерін басқа жағдаятқа ауыстырыңыз (жанрдың атын, уақытын, телехабардың немесе фильмнің іс-әрекет орнын, олардың құрылымын өзгертіңіз: басталуын, шарықтау шегін, аяқталуын, эпилогын т.б.; жасын, жынысын, кейіпкердің ұлтын т.б.); - жоғарыдағы немесе басқа медиамәтіндермен байланысты прозалық, поэтикалық, театрландырылған, кескіндемелік, әуенмен байланысты шығармаларды іріктеп; таңдауыңызды негіздеңіз.

VI. Медиа-мәтіндерді пайдалана отырып медиатеchnологиялар арқылы креативтілікті қалыптастыруда мотивация тудыруға арналған тапсырмалар: - әр түрлі жастағы және әлеуметтік, кәсіби, білімдік сонымен қатар басқа да мағлұматтары бар көркем қабылдау деңгейлері әр түрлі (Рүстем Әбдірашевтің Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың балалық және жастық шағы арқау болған фильмнің негізінде: «бастапқы сәйкестендіру», «қайталама сәйкестендіру», «кешенді сәйкестендіру», медиа-мәдениеттің ойын-сауық, демалыс (рекреация), (дыбыстық) компенсаторлық және басқа да функцияларын ескере отырып) көрермендердің монологтарын (газет-журналдардың редакциясына, теледидар мен киностудияға хаттар және т.б.) құрастыру; - «эмоционалды маятник» (көрермендердің жағымды (қуанышты) және жағымсыз (естен тану) эмоциялар тудыратын эпизодтардың кезектесуі) механизмнің мәнін ашу (нақты медиамәтіннің жаппай (танымал) мәдениет мысалында); - аудиторияда соңғы жылдары ең танымал болған медиамәтіндердің (фильмдер, компьютерлік ойындар, телехабарлар және т.б.) жетістіктерінің (мифке, фольклорға, жанрдың әсерлілігіне, «эмоционалды өзгерістер» жүйесіне, ойын-сауық, демалыс, дыбыстық және басқа да экран өнерінің болуы, бақытты аяқталуы, авторлық интуиция және т.б.) себептеріне қысқаша бейне роликтерді жасау; - жарнамалық аннотациялар (жарнамалық басылымдар, тележарнамалар) бойынша медиамәтіндердің жетістіктеріне болжау жасау;

Талқылау. Зерттеліп отырған мәселеге орай, медиатеchnологияларды креативті пайдалану арқылы диалог пен дәйектеуге, пікірталасқа тарту белсенді жүргізілген жағдайда білімгерлердің логикалық ойлау дәрежесінің зияткерлік жетістіктерін анықтауға болады. Біз медиатеchnологиялардың көмегімен бір уақытта бірнеше тапсырманы қатар орындауға болатын дәуірде өмір сүріп отырмыз. Б.Ф. Скиннер «Білім беру теchnологиясы» (The Technology of Teaching) (Skinner, 1968) атты еңбегінде, маманның алғашқы қызмет барысында оны білім беру үдерісі қатты қызықтырады, осыған байланысты ол білім беретін құрылғылар ойлап тауып, оларға түрлі оқыту бағдарламаларын енгізеді деген болатын [16, 112-б.]. Оған дәлел, философ Э.В. Ильенковтың: «Ақыл – қоғамның адамға тартқан сыйы. Ол әрбір адамның өз заманындағы рухани мәдениетті игеруінің барысында қалыптасып, жетіле түседі». Алайда, «Педагог-Психолог» мамандарын медиатеchnологияларды пайдалану арқылы креативтілікті қалыптастыруда логикалық ойлаудың рөлі туралы әлі зерттелмей келеді.

Зерттеу тақырыбына байланысты логикалық ойлау туралы еңбектерге шолу жасай отырып, біз медиатеchnологияларды пайдалану арқылы креативтіліктерін қалыптастырудың әдіснамасының тәсілдерін танымал психолог Абрахам Маслоудың тұрмыстық деңгейде креативтілік ептілік – шешуі қиын болып көрінетін жағдайдан заттар мен құралдардың ерекше түрін пайдалану арқылы шыға білу қабілеті, кең мағынасы – проблемалық өткір ойлылықпен шешу деген пайымдауына жүгіне отырып төменде берілгендей зерделеуге болады: анализ, синтез, бағыттың айқындығы, бірізділік, қарастырылып отырған мәселеге сәйкес, салыстыру және анықтау. Осылайша зерттеп отырған мәселеге байланысты әдебиеттерді талдау және оларға қатысты өзіміздің жеке көзқарастарымыз болашақ «Педагог-психолог» мамандықтары студенттерінің медиатеchnологияларды пайдалану арқылы креативтіліктерін қалыптастыруда логикалық ойлаудың тиімді операцияларын шешу жолдарының әр түрлі әдістерімен қамтамасыз ету жүзеге асырылды.

Ә.Тұрғынбаев, Т.Есімханов, Д.Раев «Логика» деген атты еңбектерінде «логика» терминін төменде көрсеткендей үш мағынада қолданады: 1) шындық дүниедегі заттар мен құбылыстардың заңдылықтарын білдіру үшін («заттар логикасы», «тап күресі логикасы», т.б.); 2) ойлаудың дәйектілігін, айқындылығын, дәлелдігін білдіру үшін («ойлау логикасы», «пайымдау логикасы» мағынасында) қолданылады. Ойлаудың заңдылықтары объективтік дүние заңдылықтарының адам санасында бейнеленуі болып табылады: ойлау логикасы – заттар логикасының бейнесі; 3) логика ғылымы – ойлау логикасының теориялық, ғылыми бейнесі ретінде қолданылады. Олай болса, ойлау логикасы алғашқы, ал логика ғылымы содан кейінгі, екіншілік болып табылады [17]. Бұл, өз кезегінде жеке тұлғаның айтарлықтай жоғары деңгейде қалыптасқан креативтілік қабілеттері маманға инновациялық кәсіби қызметте өзін белсенді түрде дамытуға, шығармашылық жобаларға қатысуға, эвристикалық тәсілдің түп нұсқасымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Ғылыми-теориялық зерттеулерге сүйене отырып, біз оқудың объективті әлемді танудың ерекше формасы екендігін зерделеп, болашақ маманның медиатеchnологияларды пайдалана отырып креативтілікті қалыптастыруда логикалық ойлауды дамыту психологиялық және педагогикалық тұрғыда жетілдірудің қажеттігін анықтадық. Зерттеу мәселесінің теориялық және практикалық аспектілерін өңдеу барысында оқу үдерісінде өзара әрекеттестікке қабілетті маманды дайындауға медиа ортаның белсенді әсері зор ықпал ететіндігі анықталды. Бұл, инновациялық дамудың шешуші факторларының бірі қазіргі уақытта жаңа өнім болса, негізгі нысаны инновациямен байланысты. Сондықтан оқу-

таным үдерісі барысында келесі мәселелерді ескерген жөн деп есептейміз: оқу міндетін қою; оқылатын затқа қатысты кейбір ортақ мәселелерді айқындау мақсатында оқу міндеттерінің шарттарын сәйкестендіру; анықталған қатынастарды медиатеchnологиялар арқылы әр түрлі үлгісін құрастыру; оның қасиеттерін ерекшелеп көрсете отыра үлгі құру; медиатеchnологияларды пайдалана отырып жеке тапсырмалар жүйесін құру; бастапқы іс-әрекеттердің орындалуын қадағалау; оқу міндетін орындаудың нәтижесі ретінде медиатеchnологияларды пайдалану арқылы жалпы амалдарды меңгеруді бақылау. Нәтижесінде, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру сапасы артып, оқытушының біліктілігі жетілдіріледі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Нұғысова А. Ғылыми – педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру: оқу әдістемелі құрал. – Алматы, 2021. – 140 бет. Б.7.
2. Bartlett Stiv, Berton Diana. Bilim berudegi zertteuler. Kirispe: – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қор, 2020. – 464 бет. Б. 17.
3. Сейітқазы П.Б., Абдиркенова А.Қ. Медиабілім өмір бойы білім алудың басты шарты ретінде // *Materials of the III International Scientific - Practical Conference Integration of the scientific community to the global challenges of our time. Volume III.* – Japan Kyoto, 2018. – 105-112 p.
4. Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы: Оқу құралы (Ұстаздар, аспиранттар мен магистранттарға, студенттер мен мектеп мұғалімдеріне арналған көмекші құрал) / Аударған К.С.Успанов – Алматы: Ғылым, 2003. – 130бет. Б.7.
5. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану: Оқу құралы. – Алматы, 2015. – 180 бет. Б.4.
6. Бекова С.М және т.б. Ақпараттық мәдениет негіздері: Оқу құралы / Бекова С.М., Якупова Р.И., Тастанбекова Г.Н. – Алматы: Бастау баспасы. – 2011. – 232 б. Б. 15.
7. Бейбридж Жейсон, Гок Никола, Тайнан Лиз. Медиа және журналистика: - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қор, 2019. – 542 бет. Б. 17.
8. Chiara Succì & Magali Canovi (2020) Soft skills to enhance graduate employability: comparing students and employers` perceptions, *Studies in Higher Education*, 45(11): 1-14 DOI: [10.1080/03075079.2019.1585420](https://doi.org/10.1080/03075079.2019.1585420)
9. Урмашева Б.А. Критериалды бағалау технологиясы: Оқу құралы. – Алматы: «ССК» баспасы, 2019. – 140 бет. Б.5.
10. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: Оқулық – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 492 бет. Б.143.
11. Дүйсенбаев А.Қ., Шаптығарин М.М. Кәсіптік оқыту жүйесіндегі педагогикалық менеджмент. Оқу құралы. – Алматы, ССК, 2019. – 136 бет. Б.54.
12. Shweta Mishra. Social networks, social capital, social support and academic success in higher education: A systematic review with a special focus on `underrepresented` students // *Education Research Review.* – Volume 29, December 2019, 100307 DOI: [10.1016/j.edurev.2019.100307](https://doi.org/10.1016/j.edurev.2019.100307)
13. Тұрғынбаев Ә. Логика: жоғары оқу орындарының гуманитарлық факультеттерінің студенттеріне және гимназиялар мен лицейлердің оқушыларына арналған оқу құралы: - Алматы, «Білім», 2000. – 176 бет. Б.20.
14. Иманқұлов Н.Н. Ойлау туралы ойлау. – Алматы, 1998. – 206 бет. Б.3.
15. Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технология. – Алматы: Жазушы, 2003 жыл. – 144-148-бб.
16. Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 608 бет. Б.112.
17. Тұрғынбаев Ә., Есімханов Т., Раев Д. «Логика», Алматы, Жеті жарғы, 1996, – 14 б.
18. Жиенбаева Н.Б., Аутаева А.Н., Махамбетова А.Б. Қазіргі заманғы жоғары оқу орнында білім беру жүйесіндегі дуалды-бағытталған оқытудың теориясы мен практикасы: Оқу құралы. – Алматы: ТОО «Лангер Трейд», 2019. – 164 бет.

References

1. Nұғыsova A. Ғылыми – педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру: оқи әдістемелі құрал. – Алматы, 2021. – 140 бет. Б.7.
2. Bartlett Stiv, Berton Diana. Bilim berudegi zertteuler. Kirispe: – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қор, 2020. – 464 бет. Б. 17.

3. Sejitqazy P.B., Abdirkenova A.Қ. Mediabilim өmir bojy bilim aludyң basty sharty retinde // *Materials of the III International Scientific - Practical Conference Integration of the scientific community to the global challenges of our time. Volume III. – Japan Kyoto, 2018. – 105-112 p.*
4. Hmel' N.D. *Birtytas pedagogikalық processti zhүzege asyрудың teoriyasы men tekhnologiyasы: Оқу құралы (Ұстаздар, aspirantтар мен magistrantтарға, studentтер мен мектеп мұғалимдеріне арналған көмекші құрал) / Audarған K.S.Usпанov – Almaty: Fylym, 2003. – 130bet. B.7.*
5. Әlimov A.Қ. *Interbelsendi әdistemeni mектеpte қoldanu: Оқу құралы. – Almaty, 2015. – 180 bet. B.4.*
6. Bekova S.M zhәne t.b. *Ақпараттық мәдениет negizderi: Оқу құралы / Bekova S.M., Yakupova R.I., Tastanbekova G.N. – Almaty: Bastau baspasy. – 2011. – 232 b. B. 15.*
7. Bejnbrizh ZHejson, Gok Nikola, Tajnan Liz. *Media zhәne zhurnalistika: - Almaty: «Ұлттық аударма byuroсы» қоғамдық қор, 2019. – 542 bet. B. 17.*
8. Chiara Succi & Magali Canovi (2020) *Soft skills to enhance graduate employability: comparing students and employers` perceptions, Studies in Higher Education, 45(11): 1-14 DOI:10.1080/03075079.2019.1585420*
9. Urmasheva B.A. *Kriterialdy бағалау tekhnologiyasы: Оқу құралы. – Almaty: «SSK» baspasy, 2019. – 140 bet. B.5.*
10. Ermentaeva A.R. *ZHоғары мектеп psihologiyasы: Оқулық – Almaty: ZHSHS RPBK «Dәuir», 2012. – 492 bet. B.143.*
11. Dyjsenbaev A.Қ., SHashtyғarin M.M. *Kәсіptik оқуtu zhүjesindegi pedagogikalық menedzhment. Оқу құралы. – Almaty, SSK, 2019. – 136 bet. B.54.*
12. Shweta Mishra. *Social networks, social capital, social support and academic success in higher education: A systematic review with a special focus on `underrepresented` students // Education Research Review. – Volume 29, December 2019, 100307 DOI:10.1016/j.edurev.2019.100307*
13. Тұрғынбаев Ә. *Logika: zhоғары оқу орындарының гуманитарлық факл'tetteriniң studentterine zhәne gimnaziya мен licejlerdiң оқushylaryна арналған оқу құралы: - Almaty, «Bilim», 2000. – 176 bet. B.20.*
14. Иманқұлов N.N. *Ojlau turaly ojlau. – Almaty, 1998. – 206 bet. B.3.*
15. Бұзаубақова K. *ZHаңа pedagogikalық tekhnologiya. – Almaty: ZHазushy, 2003 zhыл. – 144-148-bb.*
16. SHunk Dejl H. *Оқуtu teoriyasы: Bilim беру көkzhiegi. – Almaty: «Ұлттық аударма byuroсы» қоғамдық қору, 2019 zhыл. – 608 bet. B.112.*
17. Тұрғынбаев Ә., Esimhanov T., Raev D. *«Logika», Almaty, ZHeti zharғы, 1996, – 14 b.*
18. ZHienbaeva N.B., Autaeva A.N., Mahambetova A.B. *Қазirgi zamanғы zhоғары оқу орнынyнда bilim беру zhүjesindegi dualdy-baғyttalған оқуtudың teoriyasы мен praktikasы: Оқу құралы. – Almaty: TOO «Langer Trejd», 2019. – 164 bet.*

МРНТИ 14.25.05

<https://doi.org/10.51889/3541.2022.74.61.016>

Әлқожаева Н.С.,¹ Батырбекова Д.Д.^{1*}

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ АНИМАТОРЛЫҚ ӘРЕКЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДА АРТ-ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада болашақ әлеуметтік педагогтің қызметі мен міндеттері жайлы сөз қозғалады. Артпедагогиканың мүмкіндіктері мен қазіргі уақыттағы қажеттілігі айтылып, оның қолдану аясы талқыланды. Қазіргі әлеуметтік-мәдени анимация "3d" формуласы ретінде анықталады: delassiment (релаксация) → divertissement (ойын-сауық) → development (даму) және осы формуланы біз өз зерттеулерімізде толықтай қолдандық. Осы үш негізге сүйене отырып, педагогикалық анимацияның жалпы және қосымша білім беру жүйесіндегі рөлі талданып, қолданатын әдіс-тәсілдер таңдалынды. Педагогикалық анимация аясында оқушылардың аниматорлық әрекетінің басты ерекшеліктеріне мән берілді. Әлеуметтік педагогтар оқушылардың аниматорлық әрекетін ұйымдастыру үшін арт-